

XFTAP 04.51.67

А.А. Бақытжанова¹Г.Т. Алимбекова²А.Б. Шабденова²¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан²Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ainurb1997@gmail.com, g.alimbekova@gmail.com, aija2005@mail.ru)

Отбасындағы әйелдерге қатысты жасалынған тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін әлеуметтік зерттеудің нәтижесі (Алматы қаласындағы әйелдерге арналған Кризистік орталықтың мысалы негізінде)

Аңдатпа. БҰҰ қорының мәлімдеуінше, жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан елімізде 400 әйел қаза болады екен. Осы себептен ажырасу көрсеткіштері де артуда. Аталған әлеуметтік проблеманың туындауына мыңдаған себептер бар, ал ол мәселені қазіргі кезде зерттеп, болдырмау шараларын жасамасақ әлеуметтік салдары барлық қоғамдық институттарға ауыртпалығын тигізеді. Отбасында аналарын әкесінің ұрып, кемсітуін көріп өскен балаларда аталған оқиға есейген кезінде баланың есінде «тарихи түп тамыр» болып қалады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген қазақ мақалын біздің респонденттер сұхбаттары кезінде күйеулерінің балалық шағының ізінің олардың отбасына қалай әсер еткендігін оқиғаларымен дәлелдеген. Отбасында әкелерінің анасын ұрып, кемсітуін көрген балаларда «ананың ізгі бейнесі» өзгертеді. Тақырып бойынша зерттеу жұмысын Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы 2019 жылдың желтоқсан айында далалық зерттеу жұмыстары жүргізген, зерттеу материалдарын талдау мен өңдеу жұмыстары 2020 жылдың наурыз айының соңына дейін жүргізілген. Зерттеу жұмысының мақсаты: Алматы қаласындағы Кризистік орталықтың көмегіне жүгінген әйелдердің оқиғасы негізінде қазақстандық отбасыларда болып жатқан әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың болу себебін анықтау.

Түйін сөздер: Алматы қаласындағы әйелдерге арналған Кризистік орталық, Кризистік орталық, Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы, сапалық әдіс, тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасында әйелдерге қатысты күш көрсетулер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-133-4-213-225>

Түсті: 25.05.2020 / Жарияланымға рұқсат етілді: 28.07.2020

Кіріспе. Ағылшын тіліндегі көптеген шетелдік әлеуметтанулық және психологиялық еңбектерде отбасындағы зорлық-зомбылықты сипаттайтын бірнеше терминдер бар.

«Domestic violence» бұл отбасы ішіндегі отбасы мүшелерінің сол отбасыда өмір сүретін бір отбасы мүшесіне қатысты күш көрсету мен зорлық-зомбылық іс-әрекетінің жасалуын

білдіреді. Сонымен қоса, некелік қарым-қатынаста тұратын ерлі-зайыптылар арасында болатын, жасалынатын зорлық-зомбылық іс-әрекетін де сипаттайтын арнайы терминде бар, ол – «spouse abuse» (ерлі зайыпты жұптың бір мүшесінің өзінің жұбайына қиянат/үстемдік жасауы), «wife battering» (әйеліне қатысты күш көрсету, қол жұмсау), «marital rape» (некелік қарым-қатынаста зорлау әрекетін жасау). Біз зерттеп отырған тақырып жайлы теориялық мәлеметтердің көп болуы, аталған мәселенің шет елдерде терең әртүрлі бағыттарда зерттелгендігін көрсетеді. Дегенмен, аталған терминдер мен теориялардың толық жиынтығы қазақстандық отбасылардың ішінде болып жатқан отбасы мен некедегі зорлық-зомбылықтың барлық мәнін ашып бере алмайды. Мысалы ретінде «жұбайына қатысты зорлық-зомбылық әрекетін жасау» сөзін бір деңгейде некелік қарым-қатынастағы ер адамның әйеліне қатысты күш көрсетуі, екінші жағынан алғанда, әйелінің ер жұбайына қатысты күш көрсетуі деп бірдей түсіндіріледі.

Әлеуметтанулық зерттеулерде отбасы және некедегі зорлық-зомбылық мәселесі гендер әлеуметтануы мен гендерлік зерттеулер шеңберінде жүргізіледі де, аталған зерттеулер шеңберінде некедегі зорлық-зомбылық мәселесін зерттеуде басты негізге ер адамның қоғам мен отбасындағы, некедегі басымдық (доминирования) шеңберінде зерттеп, қарастырылады. Аталған мәселе отбасы мен некедегі зорлық-зомбылықты, сонымен қоса, тарихи, философиялық және мәдени тұрғыларда қарастыруды алып келіп, отбасы мен некедегі билік, басымдылық, күш көрсету мәселесін жаңа қырынан қарастыруды талап етеді. Айтып кеткеніміздей, некедегі басымдық, күш көрсету мәселесі кезінде оны ер адамның әйел адамға немесе әйел адамның ер адамға қатысты күш көрсетулерін нақты бөліп қарастыратын ғылыми терминнің жоқ болуы салдарынан келесі бір мәселе де туындайды. Ол мәселе, ер адамдар әйеліне қатысты күш көрсету болса да, әйелдері де ерлеріне қатысты психологиялық жәбірлеулермен де агрессияны туындатады. Тақырыпқа қатысты айтып өткіміз келетін мәселе, ол шынымен де

неке мен отбасылық қарым-қатынастарда ер жұбайлары әйелдерін күш көрсетіп, ұрады, дегенімен сол ұрыстан кейін де әйел адамдар күйеуінен өшімді аламын деп балаларында ұруы мүмкін. Аталған мәселе зерттеу тақырыбының ауқымын кеңейтеді, біз, өз кезегімізде, отбасындағы күйеуінің әйеліне қатысты жасайтын зорлық-зомбылық, күш көрсету мәселелерін сөз етеміз.

Теориялық-әдіснамалық бөлім. Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының аталған тақырып бойынша Алматы қаласында орналасқан Кризистік орталықпен зерттеу жүргізуінің негізгі мәселесі ол отбасы, некелік қарым-қатынастардағы және қоғамдағы ер адамдардың әйелдерге қатысты басымдықпен үстемдік көрсету жағдайларының көбеюі болатын. Аталған мәселе бойынша зерттеу 2019 жылдың желтоқсан айында далалық зерттеу жұмыстары (сапалық ақпараттар жинастыру) жүргізілген, қазіргі кезде біз сол әлеуметтік зерттеуге басты негіз болған мәселе мен оны зерттеу кезінде қолданған теорияларды да атап өтеміз, мақаланың соңыңында Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының қызметкерлері жүргізген сұхбаттардың нәтижесімен бөлісеміз. Біздің мақаламызда тақырыптың мазмұнын ашу мақсатында отбасы мен некедегі зорлық-зомбылық мәселесін сипаттайтын бірнеше әлеуметтанулық теориялар қолданылып, көрсетілген (коммуникация, конфликт, интеракционизм, құрылымдық-функционализм, отбасы әлеуметтануы, бала кездегі психологиялық жарақаттар, т.б.).

Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық немесе жалпы жайсыз отбасылардың пайда болуына тұрақсыз әлеуметтік қарым-қатынастар мен әлеуметтік қалаулардың тұрақсыздығы әсер еткен. Осыған сәйкес тақырыпты әлеуметтік-психологиялық аспектілер тұрғысынан зерттеу, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың не себепті болатындығын анықтай аламыз.

Ғылыми әдебиеттерде некедегі зорлық-зомбылық мәселесін зерттеуде некеде күш көрсетудің 4 түрін бөліп қарастырады, олар: психологиялық күш көрсету (моральдық немесе эмоционалды күш көрсету деп атаса болады); экономикалық, физикалық және жыныстық

күш көрсетудің түрлері бөлініп көрсетілген. Аталған күш көрсетулердің кейбір отбасылық, некелік қатынастарда тек біреуі ғана көрінетін болса, көп жағдайларда некелік, отбасылық қатынастағы ерлі-зайыптыларда психологиялық күш көрсетудің соңы физикалық күш көрсетуге, содан жыныстық күш көрсету мен кемсітуге, ұрып-соғуға, аталғандардан кейін экономикалық ресурстарға қолжетімділікті тоқтатуға да алып келетін жағдайлар бар.

Отбасы мен некелік қарым-қатынастардағы тұрмыстық, зорлық-зомбылықтағы ресурстарға қолжетімділікті төмендету деген сөзді біз өзіміздің зерттеуіміздің нәтижесінде көріп, осы мәселені де қозғағымыз келеді. Біз тақырыптың актуалдығын көрсету үшін іріктеп 15 респондентті алған болатынбыз, олардың сұхбатына талдау жасап біткеннен кейін, осы ресурстарға қол жетімділіктің төмендігі мәселесін айқын көрдік. Біздің 15 респондентіміздің барлығы, көп бала босанғысы келмеген, алайда оларға күйеулері жүктіліктен қорғанатын дәрілер мен қорғаныш заттарды алып бермеген, күйеулері өздері қолданбаған, көп жағдайда біздің респонденттер балаларын қатарынан, демалыссыз босанып отырған, өздерінің денсаулықтары бала босануға дайын емес болып, құрсақтағы балаларына қауіп төнсе де күйеулері жасанды түсік тастауға ақша мен рұқсаттарын бермеген. Аталған мәселе де біздің медициналық ресурстарды иелену кезінде де гендерлік теңсіздіктердің болатынын көрсетті.

Отбасындағы зорлық-зомбылық пен күш көрсетулерді ғылыми тілде сипаттау үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасындағы зорлық, гендерлік зорлық-зомбылық және қорлау сөздері қолданылады. Сондықтан біз мақала барысында тұрмыстық және отбасындағы зорлық-зомбылық және соған жақын отбасында адамды еркінен тыс құлдықта ұстау сынды мәселелерге де тоқталамыз.

Зерттеуде алынып отырған тақырып ол өзінің латентті формасымен ерекшеленеді, осы жағдай әлеуметтанулық зерттеу әдістерін пайдалана отырып қарастыруымызды қиындатады. Бұған себеп бір жағынан біздің менталитет. Мысалы ретінде, «Қайтып келген қыз жаман», «Көш жүре түзеледі». Ал орыс

халқының менталитетіне сіңіп қалған мына стереотиптер «Сор из избы не выносят», «Бьет – значит любит». Аталған стереотиптер біздің менталитетімізге сіңіп, зардап шегуші, зорлықтың құрбаны болған әйел азаматтарын шыдамды болуға итеріп, оларды шыдаушы жақ болады деп клеймо жасап қойғандай. «Жақсы әйел жаман еркекті ер қылады, Жаман еркек жақсы әйелді жер қылады». Осы мақалдағы жаман еркек ол әйелді жер қылуы мен қатар, отбасының әлеуметтік-психологиялық ахуалы мен балаларының психикасында жер қылады.

Алғаш отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық немесе күш көрсетулер туралы зерттеулер Батыс елдерінде (АҚШ, Ұлыбритания, т.б.) елдерде жүргізілген. Көптеген әлеуметтік проблемаларды зерттейтін теориялар олар сол Батыс зерттеушілердің еңбектерінен алынған, дегенмен, елімізде біздің жүргізіп отырған эмпирикалық зерттеуіміздің басты ерекшелігі – ол еліміздің ұлттық құндылықтары мен менталитеттерінің ерекшелігін ескере отырып жасап отырғандығымыз. Қазақстан отбасыларындағы күш көрсетулер тақырыбына қатысты зерттеу жүргізудің тағы бір ерекшелігі бұл жерде зерттелінетін нысандар мен мақсаттардың, зерттеу тақырыбының ауқымының кеңейетіндігінде. Мысалы, отбасында әйелдерге қатысты күш көрсетулер тек қана оның күйеуінен емес, сонымен қоса, күйеуінің анасы (енесі), қайын әпкелері мен отбасының басқа мүшелері де күш көрсетілетіндігі анықталып жатады.

Зерттеушілер отбасындағы некелік қатынастар кезінде пайда болатын зорлық пен зомбылықтың болуына әсер ететін факторларды анықтайтын бірнеше зерттеу бақыттарын көрсеткен. Олар:

Виктимологиялық бағыт (лат. Victim – жапа шегуші, лат. Logos – ілім) [1]. Бұл бағыт бойынша, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жапа шегушінің өзіне қатысты әрекет еткен ұрып-соққан адамды өзіне арандатуынан мәселе пайда болатындығында. Осы бағыт бойынша зерттеу жүргізген неміс ғалымы У. Шнайдер, оның зерттеуіне сәйкес «жапа шегуші» мен «жазалаушы» арасындағы қандайда бір байланыс орнайды деген. Шнайдер үш

фазалы зорлық-зомбылықтың болатындығын айтқан. Бірінші фазада «жәбірленуші» «жазалаушыны» бақылау мен қадағалауға тырысады, екінші фаза кезінде зорлық пен ұрып соғу болады, үшінші кезеңде «жәбірленуші» белгілі бір жағдай не мәселе бойынша «жазалаушыға» тәуелді екендігін түсінеді. Осы тәуелділікті түсінген «жазалаушы» оның жасап жатқан әрекеттерінің жазаланбайтығын түсініп, өзінің зорлық-қорлық әрекеттерін әрі қарай жалғастыра береді [2].

Отбасы мен некедегі зорлық-зомбылық әрекеттерін зерттеуде, сонымен қоса, мәселенің тарихи тамырын зерттеу бағыты да бар. Бұл бағыт бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық өткенде көрген зорлық пен күш көрсетудің іздерінің күш көрсетушінің бойында қалып қойған қалдығы ретінде қарастырады. Тарихи түп тамыры ретінде көптеген елдердің салт-дәстүрлері мен заңдары, нома-ережелері бойынша ерлеріне некедегі әйелдерін ұруға жол беру мәселесі. Бұл бойынша, жаһандануға дейінгі кезеңде, күйеулері заң бойынша әйелдерін тәрбиелеу үшін қол көтеруге рұқсаттың берілуі болды. Зорлық-зомбылық әрекеттерін тәрбиелеу мақсатында жасау теориясы бойынша зерттеу жүргізгендер олар Гондольф пен Фишер болды. Авторлар аталған бағыт бойынша зерттеулерін XIX ғасырдағы АҚШ заңнамасына сәйкес жүргізген, заң бойынша отбасы мен некелік қатынастағы күйеуі әйелін тәрбиелеу мақсатында бас саусақтың қалыңдығындай болатын таяқпен әйелдерін ұруға құқықтары болған. 1824 жылғы АҚШ заңнамасы бойынша «қажеттілік болғандықтан» әйелдерін ұрғандары мен тәрбиелеу мақсатында күш көрсеткендігі үшін заң негізінде жауапкершіліктен босатылған [3, 274 б.]. Аталған бағыт бойынша да ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде «Домострой» ежелгі Русьтегі отбасы мен некелік қатынастарды реттейтін заңда, күйеулерінің әйелдерін қалай «дұрыс» жауапкершілік пен жазалау керек екендігін көрсететін норма ережелер бар.

Әлеуметтік үйрету теориясы негізіндегі бағыты (теория социального научения) – ер адамдарды қоршап отырған әлеуметтік ортаның ер адамның бойында, мінезінде зорлық

пен қорлық көрсетуге деген ойды тәрбиелейтін бағыт. Аталған теория М. Кауфманның еңбектері мен зерттеулері негізінде дамыған. Қазіргі кездегі зорлық-зомбылық мәселесін зерттей келе, Кауфман 1970 жылдардағы феминистік ойларды да ескереді [4]. С. Брумиллер болса зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау ол ер адамдардың психологиясындағы бар нәрсе деп атаған. Кауфманның айтуы бойынша, адамдар жынысына қарамастан, биологиялық тұрғыдан агрессияға бейім болып келеді. Осындай агрессияның маңызы оның қайда бағытталғандығы мен қоғамның ол агрессиямен не істегендігі. Автор ер адамдардың алғашқы зорлық көрсетулері өздеріне бағытталған (мысалы ретінде, ер адамдар көз жастарын көрсетпейді, олар жыламайды деп өздерін күшпен ұстап тұрулары), осыдан кейін жасөспірім кезінде оларда қыздар мен әйел адамдарды жеккөру сезімдері пайда болады, жиналған агрессиялары мен реніштері салдарынан ер адамдар өз агрессияларын қоғамға қарай бағыттайды. Осындай жағдайлар кезінде әйелдерге қатысты күш көрсетулер мен зорлық-зомбылық әрекеттері қоғамдағы немесе жұмыстағы ер адамның күші мен билігінің жоқтығы салдарынан істеуі мүмкін, зорлық, күш көрсету соның өтемақысы сияқты болады. Ер адамдар қоғамда, жұмыстарында немесе жалпы ерлер мен әйелдер арасында билігі немесе күші болмағандығынан зорлық, күш көрсету арқылы әйелдерді (әйелін) өзінің күшіне бағындырып, оны бақылауда ұстап отырғылары келеді [4]. Осы теорияны біздің №7 респондентіміз өзінің өмірін, көрген қорлығын айтқан кезінде дәлелденді. №7 респондентіміздің күйеуі Қазақстандағы үздік университеттің танылған профессоры. Респондентіміздің айтуы бойынша, күйеуі үнемі жұмыс орындарындағы (жанжалдың себебінен бірнеше рет жұмысыны ауыстырған), биліктегі және жалпы өзінің көзқарасы сәйкес емес әйелдермен үнемі жанжалдасып, балағаттап және қол көтеріп отырған екен.

Интерактивтік теорияның қарамағындағы ойлар бойынша, мәселе билік пен күш көрсетуді коммуникацияның бір түрі ретінде көрулері. М. Киммель осы айтылған ойды әлеуметтік үйрету теориясының қарамағында

жасаған. Киммельдің пікірінше, ер адамдар жастайынан әйел адамдарға қатысты күш көрсету мен бақылауда ұстауды бір коммуникацияның түрі ретінде есептеп, олар осы ойдың жетегінде әлеуметтенген. Күш көрсету коммуникациясы балағаттау, ұру, күштеп жыныстық қатынасқа итермелеу формаларында байқалуы мүмкін. М.Киммель сонымен қоса, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық пен күш көрсету коммуникациясының пайда болуына отбасындағы маңызды шешімді отбасының тек бір ғана мүшесінің (күйеуі) қабылдауы мысал деп айтқан. Бұл дегеніміз отбасындағы билік пен жалпы шешім қабылдауға құқықтың тең бөлінбегендігі [5]. Автордың ойына сәйкес біздің айтқымыз келетіні, ер адам әйел адамға күш көрсету коммуникациясы кезіндегі мақсаты әйел оны мойындауы, бағынуын қаласа, әйел адамдар күш көрсетуді, қарсыласуды агрессия кезінде тек ішіндегі ашу мен ызаны шығару үшін әрекет етеді.

Әлеуметтану ғылымында отбасындағы қорлық-зорлық әрекеттерін зерттеуде гендірлік және феминистік, маскулиндік теориялар негізге алына отырып зерттеледі. Эссенциалистік гендерлік айырмашылықтардың бастапқы уәжі ерлердің патриархалды дискурсында әйелдердің ерлерден бірқатар төмен тұратыны және ол табиғи жетіспеушілік олардың әлеуметтік бағынуын түсіндіретінін әйелдерге қарсы қолданады. Бірақ бұл уәжді алғашқы феминистік толқын - «әйел мінезі» мен «әйел сипаты» ұғымының оң аспектілерін қарастырған мәдени феминизм теориясын жалғастырушылар тоқтатқан еді. Маргарет Фулдер, Фрэнсис Уиллард, Джейн Аддамс, Шарлотта Церкинс Гилман сияқты теорияшылдар пацифизм, қамқорлық, жұмсақтық, серіктестік, қақтығыстарды оңтайлы басқару сынды әйел қасиеттері қоғамды басқаратын үкіметтің бойында болу керек деп есептеді (Deegan and Hill, 1998, Donovan, 1985; Lengermann and Niebrugge-Brantley, 1998). Ерлердің патриархалды әйелдерге қатысты үрдісі бүгінге дейін ерекше нормалар туралы дауларға қатысты әйелдердің этикалық шешімдері, әйел санасындағы «қамқорлық назары» тәсілі, әйелдердің қарым-қатынас стилі, әйелдердің эмоционалды тәжірибе ашу

тәсілі, сондай-ақ, әйелдердің агрессиялы мінез-құлқының төмен және бейбіт өмірге әсер ететін қасиетінің жоғары болуы деп бағаланады [6, 484 б.].

Жоғарыда аталып кеткен теорияларға Дж. Готманн мен Н. Якобсонның эмпирикалық зерттеу нәтижелерін қосқымыз келеді. Ол зерттеу бойынша авторлар 8 жыл қатарынан 63 некедегі және отбасыларында зорлық-зомбылық байқалған жұбайларды бақылаған [7, 4 б.]. Авторлар жалпы отбасындағы мынадай динамиканы анықтаған: зерттеуге қатысқан барлық «күш көрсетушілер» өздерін агрессивті, іс-әрекеттері кенеттен жасалынатын, бақылау мен қадағалауға мүмкін емес екенін айтқан, ал «жапа шегушілер» өз кезектерінде пассивті емес, оларда өздерінің жәбірлеушілеріне ыза көрсеткен, бірақ өздері күш көрсететін субъект ретінде болмаған. «Күш көрсетушілер» жағынан «жапа шегушілерге» қатысты эмоционалды балағаттаулар болды, сондай сөздерді жапа шегушіге қолдану арқылы олар жапа шегушілердің өздеріне деген сенімдері мен күштеріне сенімсіздікті ұялатқан.

Отбасы мен некелік қатынастағы зорлық-зомбылық мәселесін конфликтологиялық теория негізінде зерттейтін зерттеушілер, отбасында әйеліне қатысты көрсетілетін күш көрсетулерді ерлі-зайыптылар арасындағы қызығушылықтың бір-біріне қарсы келуінен, жанжалдасудың ақырғы шырқау шегі ретінде көрсетеді. Л. Козер жанжалдың құрылымын зерттеу кезінде жанжалдың туындау себебі мен ол жанжалдың ішіндегі зорлық-зомбылықтың қалай пайда болғандығын айтқан. Л. Козердің жанжал теориясын тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінде қолданудың маңызы, тақырыптың теориялық мазмұнын толық ашып береді [8].

Біздің тақырып бойынша негіз ретінде қарастырған теориямыз Леонардо Берковицтің «Агрессия: себеп, салдар және контроль» атты зерттеуінде отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың болу себебін әлеуметтік және мәдени құндылықтар негізінде зерттеген. Автордың мәлеметі бойынша, аталған құндылықтар отбасы мен жалпы жанжалдың сипатына әсер етіндігін анықтаған. Л. Берко-

виц жанжал шығарушы мен жанжалды қабилдаушы арасындағы ерекше қатынастардың болатындығын айтып, осы жағдайды виктимологиялық тұрғымен байланыстырып – «дөрекілік пен күш қайтарудың үлкен жанжалды шығаратынын, бір жақтың агрессиясы екінші жақтың агрессиялық әрекетін тудыратынды» деп айтқан [9, 31 б.].

Зерттеу бөлімі. Зерттеудің нысаны: Алматы қаласы Тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан жапа шегуші әйелдерге арналған кризистік орталығының некелік қарым-қатынастағы ерлерінен тұрмыстық зорлық-зомбылықты көрген әйелдер.

Зерттеу пәні: Отбасы мен некелік қарым-қатынастардағы ерлердің әйелдерге қатысты жасайтын тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін әлеуметтік талдау.

Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін зерттеудің өзектілігі:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымы қорының мәлімдемесі бойынша жыл сайын Қазақстанда 400 әйел отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болып қаза табады [10].

2. Біздің тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдердің барлығы физикалық тұрғыда әрдайым ерлерінің соққысынан жапа шегіп, әйелдері жүкті кезде де оларды ұрып, соңында әйелдері өлі туылған бала, әйелдердің репродуктивтік денсаулықтарына залал тигізген. Психологиялық соққы ретінде, некедегі әйелдердің ерлерден түрлі соққы алған салдарынан, күштеу мен зорлау салдарынан өздеріне қол жұмсауға дейін барған.

3. Некелік қатынастардағы зорлық-зомбылықтың салдары отбасындағы қатынастардың өзгеруіне алып келеді. Ерлі-зайыптылар арасындағы жанжал мен тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан көп жағдайда олардың балалары зардап шегеді.

4. Отбасында болатын зорлық-зомбылықтың құрбаны әйелдерде медициналық ресурстарға қолжетімділік жоқ.

Болжамдар:

1. Отбасы мен некелік қарым-қатынастардағы күйеуінің әйеліне жасаған зорлық-зомбылықты әрекеттері әйелдердің күйеуінің айтқанына шыдап, бағынуға алып келіп отыр. Әйелдері ондай ер адамнан бірден кетіп

қала алмау себептері күйеулерінсіз өмір сүре алмаймын деп, өздерінің күштері мен болашақтарына деген сенімдерін жоғалтқандықтарынан.

2. Ата-ана арасындағы зорлық-зомбылықтан, ұрыс пен жанжалдың, әкесінің үстел үстінде балаларының алдында анасын жамандап, балағаттауы балалардың анасының бейнесі мен анасына деген қарым-қатынастарын өзгертіп, аналарын жек көре бастайды.

3. Отбасында зорлық-зомбылықтан жапа шегуші әйелдер медициналық көмек және дәрі-дәрімек алу мен оны пайдалануда ресурстарға қолжетімсіздігі, әйелдер өздерінің еркілерінен тыс ерлеріне жыныстық қызмет атқарады, жүкті болып қалған жағдайда жасанды түсік жасатуға мүмкіндіктері де жоқ.

Зерттеу мақсаты:

1. Отбасындағы, некедегі әйелдерге қатысты ерлерінің тарапынан болатын зорлықтың болу себептерін нақты анықтау. Әлеуметтік факторлар мен статустардың, зорлық көрсетуші тараптың әлеуметтік-тарихын талдап, оны әйелін ұрып-соғуға не түрткі болғанын анықтау.

2. Зорлық құрбаны болған әйелдердің медициналық қызметтерге қолжетімділік деңгейін анықтау үшін әйелдердің қанша жасанды түсік жасатып, қанша рет денсаулық жағдайына байланысты түсік тастағандарын анықтаймыз.

Зерттеу міндеттері: Алматы қаласы Тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан жапа шегуші әйелдерге арналған кризистік орталықтың 2019 жылдың желтоқсан айындағы орталыққа келген әйелдер арасында сұхбат жүргізіп, тақырыптың актуалдығын анықтап, талдау мен өңдеу жасап, Алматы қаласындағы кризистік орталықтың мысалында елімізде болып жатқан тұрмыстық зорлық-зомбылық жайлы зерттеу нәтижесін тарату.

Зерттеу жұмысының жүргізілген уақыты: 2019 жылдың желтоқсан айынан бастап Алматы қаласындағы кризистік орталықтың көмегіне жүгінген әйелдер арасында сұхбаттар мен сауалнамалар алынды, далалық зерттеу екі айға созылды. 2020 жылдың наурыз айының

соңына дейін жиналған ақпараттарға анализдер жасалынды.

Зерттеудегі іріктеу жиынтығы: Алматы қаласы Тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан жапа шегуші әйелдерге арналған кризистік орталығының көмегіне жүгінген әйелдер, оның ішінде, таңдалынып алынған басты критерилер: денелерінде физикалық дене жарақаттары бар, психологтың көмегін алған, 2 баладан бала саны көп аналар-әйелдер. Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының қызметкерлері 35 респонденттен сұхбат алып, тақырып бойынша 15 ең өзекті сұхбат іріктеліп алынған.

Қолданылған әдіс: сапалы әлеуметтік зерттеу әдісі, оның ішінде, сұхбат. Сұхбатты толығымен жазып, гайд сұрақтары бойынша сандық талдау жасалынған.

Зерттеу бойынша сұралған 15 респонденттің орта жасы 32,5 жас. Ұлттық ерекшеліктері


бойынша 12 респондент қазақ, 2 респондент қырғыз, 1 респондент орыс ұлтының өкілдері. Алматы облысынан келгендер 4, Қызылорда облысынан 2, Шымкент қаласынан 2, Қырғызстанның Нарын облысынан 2 әйел келген (еңбек мигранттары болып қазақ жігітке тұрмысқа шығып, соның қолынан зардап шеккен), Жаркент 1, Жамбыл облысынан 1, Түркістан облысы мен Қырғызстаннан бір әйел Кризистік орталықтың көмегіне жүгінген.

Сұхбатқа таңдалынып алған 15 респонденттің тек мамандықтары барлар саны 6, оның барлығы өз дипломында жазылған мамандықтармен жұмыс істемеген, ал мүлде мамандықтары жоқтар саны - 9.


Зерттеу бойынша анықтағанымыз біздің 15 респонденттің 4-еуі 16 жасында тұрмыс құрғандар.

15 респонденттің босанған бала саны, қанша мәрте денсаулығына байланысты түсік

№1 гистограмма. Респонденттердің білім деңгейі.



№2 гистограмма. Респонденттердің тұрмысқа шыққан жастары.



тастағандығы және өз еркілерімен қанша рет аборт жасағандары (№3 гистограмма) көрсетілген. «Қанша мәрте түсік тастаған» бұл жерде респонденттер өзінің денсаулық жағдайына байланысты түсік жасаған, «Аборт» – респонденттердің қанша мәрте жасанды түсік тастағандығын көрсетеді. №13 респондент басқа респонденттерге қарағанда айырмашылығы ешқашан азаматтық және заңды некеде болмаған, бірақ өзінің бірге тұратын азаматының қол көтеруі салдарынан осы орталықтың көмегіне жүгінген.

№8 респондент 5 бала босанған, 5 баланы денсаулығына байланысты түсіріп алған, 5 рет аборт жасатқан.

№1 кестеде сұхбат жүргізілген 15 респонденттің тұрмыс құрғанға дейінгі өздерінің ата-аналарымен бірге тұрғандағы балалық шақтары мен отбасы болған кезіндегі өмірлеріндегі естеліктерін төмендегі сұрақтарды қою арқылы анықтадық.


Респонденттердің күйеулері мен ер жолдастарының отбасындағы психологиялық жағдайының респондентпен отбасындағы, не-

кедегі қатынаста не себепті ұрыстың болғандығын анықтамас бұрын қорлық көрсеткен ер адамдардың психологиялық жағдайының әсерін анықтаған болатынбыз. Әңгіме етіліп жатқан 15 респонденттің ішінде бірнеше респондент некелік және отбасылық қарым-қатынастарда күйеулерінің анасы (енесі) араласуының негізінде көп жанжал болатындығын айтқан.

15 респонденттің тек 4-еуі ресми жұмыстарда істеген, олар: хатшы, заңгер, құрылысшы, аспазшы болып. 5 респондент ресми, жалданып ешқашан жұмыс істеп көрмеген. 6 респондент мал шаруашылық фермаларында сауыншы, аула тазалаушы болып уақытша жұмыс істеген.

Отбасы мен некелік қарым-қатынастардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін зерттеу кезінде Алматы қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары көмек сұрап келетін Кризистік орталықта сұхбат жүргізу кезімізде көптеген әйелдер және олардың өмірінде болған қиын жағдайлармен таныстық. Отбасындағы, ерлі-зайыптылар

№3 гистограмма. Респонденттердің репродуктивтік денсаулықтары.



№1 кесте әйелдердің өздерінің тұрмыс құрмағанға дейінгі өздерінің отбасылары мен қарым-қатынастарын сипаттаулары.

Сұхбат атауының номері	Респондент бала кезін қалай сипаттаған	Респондент отбасы мен ондағы қарым-қатынасты қалай сипаттаған?	Респонденттің анасының әкесімен қарым-қатынасы қандай болған?
№1	Әкесі есінде жоқ, бала кезінде тастап кеткен. Анасы 3 рет тұрмыс құрған. Нағашы туыстары оны бала кезінде асырап алып, ұрып келген.	Әкесі және анасымен араласпайды. Туыстарынан қашып кеткен, араласпайды.	Әкесі ішімдік ішіп анасын ұрып соққан.
№2	Ата-анасы оны 16 жасында Шымкент қаласының бай 42 жастағы ер адамға сатып жіберген.	Жағымды естеліктер. Қаржы тапшылығынан әкесі қызын бай ер адамға сатып жіберген, әлі күнге дейін ата-анасымен сөйлеспейді.	Жағымды естеліктер.
№4	Жайсыз, екінші әкесі жыныстық қатынасқа итермелеген. Анасы тастап кеткен.	Жайсыз, анасы тастап кеткен, өгей әкесі қысым жасаған, бауырларымен араласпайды, туған әкесімен жиі араласпайды.	Туған әкесімен анасы-жанжал, екінші жолдасымен анасы- ақша үшін бірге тұрған, үшінші күйеуі мен анасы жайсыз отбасы.
№5	Үйлері жоқ, барлығын сатып жіберген. Әкесі ауыр науқас жұмыс істемейді, анасы мен балалары отбасын асырау үшін жанжаққа кетіп қалған.	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.
№6	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.
№7	Ата-анасы ажырасқан, өгей әкесі мен анасының 2 баласы бар. Ата-анасы ішімдік ішеді. Жағдайлары төмен.	Көп ұрысатын, ішімдік көп ішілген. Анасыда ішімдік ішетін.	Нашар, анасы респондентке тамақ бермей, оны жұмыс істеткізіп қоятын.
№8	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.
№9	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.
№11	Отбасында бақытсыз, себебі оны өгей анасы қинайты. Бауырлары ұратын.	Өгей анасы мен оның 6 баласы оны ұрып отырған, өз анасының 6 баласы онымен араласпай қойған.	Өз анасы 3 жасында қаза болған, әкесі анасының қазасынан кейін бірден үйленген.
№13	Нашар отбасы, әкесінің көп әйелі болған, анасы-ауру.	Ата-анасы баласына қамқорлық көрсетпеген, 9 сыныпта оны ер адам зорлап, жүкті қылған. Анасы қызын 10 сыныпқа келгенде үлкен ер азаматқа қызын тұрмысқа берген. Қызын қорғамаған ата-ана.	Ешкіммен араласпайды, ата-анасы да іздемейді, ешкімге керек емеспін деп ойлайды.

№16	Анасы бірнеше рет тұрмысқа шығып, балаларын қарамайтын. Анасының психологиялық ауытқуы бар.	Әкесі қарапайым, анасының бірнеше күйеуі мен көп балалары бар. Анасы балаларын ұрып, оларды еріктерінен тыс тұрмысқа беріп, сатып отырған.	Әкесімен қарым-қатынасы әкесі қайтыс болғанға дейін жақсы болған. Анасымен қарым-қатынасы нашар.
№17	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.
№21	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.	Респондент ата-анасы ұнатпаған адамға тұрмысқа шыққаннан кейін қыздарымен араласпай кеткен.
№14	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.	Жағымды естеліктер.
№15	Әкесі жоқ, анасы ішімдік ішіп балаларын тастап кеткен.	Жайсыз, әкесі түрмеде отырған, анасы ішімдік ішкен.	Әкесі түрмеде, анасы ішімдік ішкен, балалар 12 жасынан бастап жұмыс істеген, ішімдік ішкен.

№2 кесте, Респонденттердің заңды неке немесе азаматтық некедегі күйеулерін сипаттауы. №13-сауалнамадағы респонденттің тұрақты күйеуі немесе жолдасы болмаған, бірнеше ер адаммен бірге тұрғандықтан жауаптары нақты емес.

Сұхбат атау-ның номері	Нешінші жолдасы?	Жолдасымен қалай танысқан?	Күйеуі сотталғанба?	Күйеуі мектептен кейін оқу оқығанба?	Күйеуі зиянды заттарға әуеспе? ҚАНДАЙ?
№1	3	Ғаламтор	Иә	Жоқ	Ішімдік ішкен, жасырын есірткі қолданған.
№2	1	42 жастағы ер азамат респондентті ұнатып, ата-анасынан сатып алған.	Иә	Иә	Жоқ
№4	2	Алып қашу, респонденттің келісімінсіз.	Иә	Жоқ.	Ішімдік ішкен, жасырын есірткі қолданған.
№5	2	Алып қашу, респонденттің келісімінсіз.	Жоқ	Жоқ	Ішімдік ішкен, жасырын есірткі қолданған.
№6	1	Алып қашу, респонденттің келісімінсіз.	Жоқ	Жоқ	Респондент жасырын ішімдік, синтетикалық есірткі шеккен.
№7	2	Алып қашу, респонденттің келісімінсіз.	Иә	Жоқ	Ішімдік ішкен, психологиялық ауытқуы бар.
№8	1	Студент кезінде	Жоқ	Ғылым докторы	Жоқ
№9	2	Алып қашу, респонденттің келісімінсіз.	Иә	Жоқ	Ішімдік, есірткі (героин).
№11	1	Алып қашу, респонденттің келісімінсіз.	Жоқ	Жоқ	Ішімдік, темекі.

№13	Тұрақты күйеуі, жолдасы жоқ.	Өпкесі респондентті 50 жастағы малшымен таныстырған.	Жоқ	Жоқ	Ішімдік, темекі.
№16	2	Айтылмады	Айтылмады	Жоқ	Айтылмады
№17	1	Бір университетте оқыған	Жоқ	Иә	Ішімдік ішкен. Шизофрения. Невроз аурулары бар.
№21	1	Бірге жұмыс істеген	Жоқ	Иә	Жоқ
№14	1	Ғаламторда	Иә	Иә	Жоқ
№15	2	Кездейсоқ	Жоқ	Жоқ	Ішімдік, есірткі.

арасындағы әйелдерге қатысты жасалынатын зорлықты болдырмау кезінде көмектесетін немесе сондай әйелдерге кеңес айтып, иық тіресетін құрбылары не достары бар ма екен деп респонденттерге сұрақ қойған болатынбыз. Нәтижесінде тек 15 респонденттің, 13-і ғана өздерінің қиын өмірі туралы жайлы сырын айта алатын достары мен құрбыларының жоқтығын айтты, тек 2 респонденттің қолдау көрсететін достары бар екендігін айтты.

Қорытынды. Біз жоғарыда келтірген болжамдарымызды растап отырмыз. Біздің респонденттеріміз өздерін ұрып-соққан ер азаматтарымен айырылыса алмай отыр, ұрыстың соңында ер адамдар әрдайым балаларында ұрып отырған, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болып отырған әйелдер медициналық көмекке зәру.

Алматы қаласындағы қиын жағдайларға тап болған әйелдерге көмектесетін кризистік орталықтың мысалы негізінде жалпы Қазақстандағы тұрмыстық зорлықтың құрбаны

болып отырған барлық әйелдер жайлы айта алмаймыз. Дегенмен, Алматы қаласының мысалы негізінде біз отбасы мен некелік, азаматтық некедегі ерлер мен әйелдердің арасында болатын зорлық-зомбылықтың болу себептерін анықтай алдық.

Мақалада айтылған зерттеу жұмыстарын Қазақстан бойынша төтенше жағдай енгізілмей тұрып жүргізген болатынбыз, қазіргі кездегі БАҚ ақпараттарын талдау кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық ісінің көбейгендігін, тағыда ерлердің қолдарынан әйелдер зардап шегіп отырғандығын естіп отырмыз. Төтенше жағдайдың енгізілуі отбасындағы әлеуметтік-психологиялық, отбасының психологиялық климатын толық өзгертті. Сондықтан біздің тақырыпты әліде жаңа қырынан танытып зерттеуімізді сұрап тұр. Біздің мақсатымыз, Қазақстандық отбасы мен некелік қарым-қатынастағы әйел адамдарды тұрмыстық зорлық-зомбылықтан сақтау және ондай жағдайларды алдын алу.

Әдебиеттер тізімі

1. Karmen A. Crime Victims: An Introduction to Victimology, Wadsworth Publishing, 2003.
2. Горшкова И. Д., Шурыгина И. И. Насилие против жен как проблема социологического анализа // Общество и гендер. Материалы летней школы. - Рязань, 2003.
3. Gondolf E., Fisher E. Wife battering // Case Studies in Family Violence. Ed. by R.Ammerman and M.Hersen . New York and London: Plenum Press, 1991.
4. Kaufman M. The Construction of Masculinity and the triad of Men's Violence // Men's Lives. Ed. by M. Kimmel and M.Messner. New-York-Toronto: Makmillan publishing company, 1985.
5. Kimmel M. The Gendered Society. New York-Oxford: Oxford University Press, 2000.

6. Ритцер Г., Сепницкий Ж. Теории социологии. 100 новых учебников на казахском языке. - 2018.
7. Пискалова М., Синельников А. Между молчанием и криком // Насилие и социальные изменения. Теория, практика, исследования. - М., 2000, № 1. -С.4-46.
8. Coser L.A. The Functions of Social Conflict. London: Free Press of Glencoe, 1956.
9. Берковиц Л. Агрессия: причины, последствия и контроль. - СПб: Прайм Евроникс, 2001. – 512 с.
10. Садырова С. Ежедневно более 10 казахстанок подвергаются бытовому насилию [Электрон.ресурс]. 2018. URL: https://baigenews.kz/news/ezhednevno_bolee_10_kazahstanok_podvergautsya_bitovomu_nasiliju/ (дата обращения: 5.05.2020).

References

1. Karmen A. Crime Victims: An Introduction to Victimology (Wadsworth Publishing, 2003).
2. Gorshkova I. D., Shurygina I. I. Nasilie protiv zhen kak problema sociologicheskogo analiza [Violence against women as a problem of sociological analysis], Obshhestvo i gender. Materialy letnej shkoly [Society and Gender. Summer School Materials] (Ryazan, 2003).
3. Gondolf E., Fisher E. Wife battering, Case Studies in Family Violence. Ed. by R.Ammerman and M.Hersen (Plenum Press, New York and London, 1991).
4. Kaufman M. The Construction of Masculinity and the triad of Men's Violence, Men's Lives. Ed. by M. Kimmel and M.Messner (Makmillan publishing company New-York-Toronto, 1985).
5. Kimmel M. The Gendered Society (Oxford University Press, New York-Oxford, 2000).
6. Ritzer G., Sepnitsky J. Teorii sociologii. 100 novyh uchebnikov na kazahskom jazyke [Theories of sociology", 100 new textbooks in the Kazakh language]. - 2018.
7. Pisklakova M., Sinelnikov A. Mezhdumolchaniem i krikom [Between silence and scream], Nasilie i social'nye izmeneniya. Teoriya, praktika, issledovaniya [Violence and social change. Theory, practice, research], 1, 4-46 (2000).
8. Coser L.A. The Functions of Social Conflict (Free Press of Glencoe, London, 1956).
9. Berkovits L. Agressiya: prichiny, posledstviya i kontrol' [Aggression: causes, consequences and control] (Prime Euroznak, Saint Petersburg, 2001, 512 p.).
10. Sadyrova S. Ezhednevno bolee 10 kazahstanok podvergajutsya bytovomu nasiliyu [More than 10 Kazakhstani women are exposed to domestic violence every day] [Electron resource]. – 2018. Available at: https://baigenews.kz/news/ezhednevno_bolee_10_kazahstanok_podvergautsya_bitovomu_nasiliju/ – internet sources (Accessed: 5.05.2020).

A.A. Baqytzhanova¹, G.T. Alimbekova², A.B. Shabdenova²

¹ *Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

² *Public Opinion Research Center (CIOM), Almaty, Kazakhstan*

Results of a sociological study of domestic violence against women in the family relations (on the example of the Crisis center for women in Almaty)

Abstract. According to the UN Foundation, 400 women are killed every year as a result of domestic violence in Kazakhstan. For this reason, divorce rates are also increasing. There are thousands of cause of this social problem, and the social consequences can be burdensome for all social institutions if prevention measures are not currently studied and developed. For children who have seen their father beaten and humiliated in the family, this event becomes a "historical root" in the child's memory. The Kazakh proverb about what you see from the nest, in interviews with our respondents, proved how the trace of their husbands' childhood affected their family. Researchers say that children who have seen their mothers beaten by their fathers change their image of 'mum'. Research on the topic has been conducted by the Public Opinion Research Center in December

2019. Analysis and processing of research materials have been conducted until the end of March 2020. The purpose of the research: to identify the causes of domestic violence against women in Kazakhstani families, based on cases of women seeking help from the crisis center in Almaty.

Key words: Crisis Center for women in the city of Almaty; Crisis center; Center for the Study of Public Opinion; quality method; domestic violence; violence against women in the family.

А.А. Бақытжанова¹, Г.Т. Алимбекова², А.Б. Шабденова²

¹Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

²Центр изучения общественного мнения, Алматы, Казахстан

Результаты социологического исследования проблемы насилия в семье в отношении женщин (на примере Кризисного центра для женщин города Алматы)

Аннотация. По данным Фонда ООН каждый год в нашей стране 400 женщин умирают от домашнего насилия. Также увеличивается число разводов.

Существует множество причин возникновения данной социальной проблемы, и если мы не изучать ее, не принимать соответствующие меры для ее предотвращения, то социальные последствия станут бременем для всех социальных институтов. У детей, которые выросли в семье, где их матери подвергались избиению и дискриминации со стороны отцов, эта история останется надолго в памяти, и не ясно, каковы могут быть последствия в сознании ребенка после пережитых фактов насилия. Исследователи утверждают, что у детей, которые видели, как отцы избивали их матерей, меняется образ «мамы». Исследования по данной теме проводились Центром изучения общественного мнения в декабре 2019 года, анализ и обработка материалов исследования проводились до конца марта 2020 года. Цель нашего исследования: определить причины бытового насилия в отношении женщин в казахстанских семьях. Анализ сделан на основе данных интервью с жертвами бытового насилия, обратившимися за помощью в Кризисный центр города Алматы.

Ключевые слова: Кризисный центр для женщин в городе Алматы, Кризисный центр, Центр изучения общественного мнения, качественный метод, домашнее насилие, насилие в отношении женщин в семье.

Авторлар туралы мәлімет:

Бақытжанова А.А. – корреспонденция үшін автор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «Әлеуметтану» мамандығының 1 курс магистранты, Әйтеке би көш., 99, Алматы, Қазақстан.

Алимбекова Г.Т. – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының директоры, Жібек жолы көш., 54, Алматы, Қазақстан.

Шабденова А.Б. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының оқытушысы, PhD, Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының жоба менеджері, Жібек жолы көш., 54, Алматы, Қазақстан.

Baqytzhanova A.A. – **Corresponding author**, The 1st year undergraduate in Sociology at Kazakh National Women's Teacher Training University, Aiteke by str., 99, Almaty, Kazakhstan.

Alimbekova G.T. – Candidate Of Social Sciences, Director of CIOM, Zhibek Zholy str., 54, Almaty, Kazakhstan.

Shabdenova A.B. – Ph.D. in Sociology Lecturer of Sociology and Social Work Department, at Al-Farabi Kazakh National University, Project Manager of CIOM.